



## ПРЕЗИДЕНТ ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинге COVID-19 індетіне қарсы әлемдегі ең бірінші вакцинаның тіркелуіне орай құттықтап, жеделхат жолдады.

«Бұл оқиға Ресей ғылымының жоғары әлеуеті мен беделін нақтылай түсті. Сондай-ақ Ресейдің осы жаһандық қауіп-қатерге қарсы күрестегі жетекші рөл атқаратынын көрсетті. Әлемде қалыптас-

қан осынау қиын-қыстау кезеңде Қазақстанға үнемі қолдау көрсетіп, оның ішінде, гуманитарлық көмек беріп және еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың жақсаруына үлкен үлес қосқан дәрі-

герлер жібергеніңіз үшін Сізге ризашылық білдіреміз», – деп жазды Қазақстан Президенті жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресейдің аталған бағыттағы тиімді ықпалдастығы туралы да айтты.

«Тамыз айының екінші жартысында Үкіметтік делегация ресейлік вакцинаны сатып алу мәселесін талқылау үшін Мәскеуге барады», – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

akorda.kz

## ЖУРНАЛИСТИКАҒА жаңа серпін

«Қазақстандық Медиа Альянс» журналистиканың негізгі қағидаларын дайындау бойынша жобаның басталғаны туралы хабарлады.

«Біздің қоғамға сапалы журналистика керек, ол өздігінен немесе биліктің бұйрығымен пайда болмайды. Қазақстандағы журналистиканың әл-ауқатын тек журналистік қауымдастық арттыра алады және сол қауымдастық медианың жұмысын әлемнің дамыған мемлекеттерінің көпшілігі қолданатын ортақ стандартқа сай бақылауды қамтамасыз етуі керек. Саланың дамуы үшін тек қана журналистер емес, медиа саланың барлық өкілдері жоғары кәсіби біліктілік пен




этикалық стандартты ұстануға міндетті екені сөзсіз», – делінген альянстың хабарламасында.

Негізгі қағидалардың астарында ақпаратты таратудағы жаңа арналар мен әлеуметтік желілердің дамуы жағдайында нақты бекітіл-

ген кәсіби стандарттар мен кәсіби этика нормалары түсіндіріледі. Бұл базалық принциптер Қазақстандағы медиа тәжірибеге негізделетін өзін-өзі реттейтін жаңа жүйе ретінде қалыптасады деп болжануда.

Өз тілшімізден



3-бет

### Із-түзсіз жоғалғандар табылуда

Із-түзсіз жоғалғандарды іздестіру – криминалдық полиция қызметкерлері жұмыстарының маңызды желісінің бірі.



4-бет

### Жасырын фактілерге жол жоқ

Ақмола полицейлері жыл басынан бері отбасылық жанжалға қатысты 2 000-ға жуық қорғау ұйғарымдарына тексеріс жүргізген.



5-бет

### Бала ата-анасымен бақытты

Жетімді бауырына басып, өз баласындай бар мейірімі мен қамқорлығына бөлеп, оған лайықты тәрбие беру – ізгілікті істердің қатарынан.



8-бет

### «Таза Қазақстан» - Оралда

Орал станциясының көлік полицейлері «Таза Қазақстан» жедел профилактикалық шарасы аясында 700-ден аса құқық бұзушылықты анықтады.



## Экономикалық ахуал күрделі



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қала экономикасының тез қалпына келетініне үміт білдірді. Алайда, карантин қайта жалғасатын болса, оған қарсы төтеп беру оңайға соқпайтынын да тілге тиек етті.

– Біз болжам жасадық. Егер қазір барлығын ашып, бұдан былай карантин болмайды деп үміттеніп отырғанда, осындай жағдайға қайта оралсақ, бұдан да жаман болады, экономика мұндай салмаққа төтеп бере алмайды, – деді ол.

Әкімнің айтуынша, 17 тамызда карантин жеңілдей бастайды және компаниялар аудит пен тексерулерден кейін, яғни 1 қыркүйектен бастап өз жұмысын бастайды. Сонымен қатар, ол карантин кезінде жұмыстан шығарылғаннан кейін табысынан айырылған Алматы қаласының тұрғындарын жұмыспен қамту қажеттілігін атап өтті.

– Менің ойымша, экономика тез қалпына келеді. Біз жұмыспен қамтудың барлық бағдарламала-

рын ұсынамыз, бұны пайдалану қажет. Бұл мәселе бізді алаңдатады. Халықтың табысы төмендеп, кедейлену жүріп жатыр, мұны мойындауымыз керек. Біз жұмыс орындарын құрып, шағын бизнесті тез қалпына келтіріп, жұмысшыларды жұмысқа алу үшін қолдау көрсетуіміз қажет. Бізде жұмыс істейтіндердің көпшілігі – қала маңындағы тұрғындар, – деді Бақытжан Сағынтаев.

Сондай-ақ, ол мектептердің қашықтан оқытуға қаншалықты дайын екендігін айтты. Ауруханаларда аласапыран болмауы керектігін және коронавируспен ауыратын науқастардың 55%-ы ауруханаға жатар алдында өзін-өзі емдейтінін алға тартты.

Baq.kz

## Қазақстанда жаңа агенттік құрылады

2020 жылдың қыркүйек айының ортасына дейін елде «KazAID Қазақстандық халықаралық даму агенттігі» құрылады. ҚР СІМ-нің ведомстволық бағынысты ұйымы басқа елдерге көмек көрсететін болады.

Сыртқы істер министрлігі жанынан «KazAID Қазақстандық халықаралық даму агенттігін» құру жоспарлануда. Жаңа ұйымның міндеті – басқа елдерге көмек көрсету. Үкімет қаулысының тиісті жобасы «Ашық НҚА» порталында орналас-тырылған.

Түсіндірме жазбада көрсетілгендей, бұл жоба президентпен келісілген. Жаңа ведомствоның құрылуы дамуға ресми көмек саласындағы ҚР тұжырымдамасының келесі қадамы болып саналады. Құжат Қазақстанға қарағанда аз дамыған елдерге қаржылық, техникалық немесе кез келген басқа көмек көрсетуді көздейді. Бұл Қазақстанның халықаралық қоғамдастықтағы рөлі мен беделін нығайтуға мүмкіндік береді. Шенеу-

ніктер мұндай агенттікті ашу қажеттілігі туралы біраз уақыттан бері айтып келеді.

2020 жылғы шілде айының соңында «Ашық НҚА» порталында Қазақстан Республикасының дамуға ресми көмек саласындағы 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын бекіту туралы Президент Жарлығының жобасы да орналас-тырылды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Орталық Азия мемлекеттеріне, Ауғанстанға және басқа да дамушы елдерге жалпы сомасы 500 миллион доллардан астам көмек көрсеткені белгілі болды. 2017-2018 жылдары Қазақстан 100 миллион долларға жуық көмек көрсетті.

Stan.kz

КАНАДА

### ӨРТ ӨРШІП ТҮР

Канадада Ред-Лейк елдімекенінің 3,8 мың тұрғыны (Онтарио провинциясы) орман өртінің кесірінен өз үйлерін тастап шығуға мәжбүр болды.

Бұл туралы қала мэрі Фреда Мотуға хабарлады. Тұрғындардың біршама бөлігін жақын маңдағы елдімекендерге ұшақпен тасымалдаған. Ред-Лейкте шамамен 4,1 мың адам тұрады. Зардап шеккендер мен қирандылар туралы әзірге хабарланбай отыр.

Өрт сөндіру қызметінің деректеріне қарағанда, қазіргі уақытта орман өрті қалаға жақындап қалған. Елді мекенге қарай соққан жел жағдайды одан сайын қиындатып отыр. Қазіргі уақытта өртенген алқаптың көлемі 750 гектарға жетті, ал сейсенбіде 550 гектар болатын.

Inform.kz

ТӘЖІКСТАН

### ЖОЛ МҰРАТЫНА ЖЕТЕ АЛМАЙ ЖҮР

Коронавирус пандемиясына байланысты халықаралық әуе байланыстарының бәрі наурыз айынан бері тоқтаған.

12 тамызда Ресейдің ондаған азаматы Душанбедегі РФ елшілігі алдына жиналып, Тәжікстаннан алып кетуін талап етті. Олар бірнеше ай бойы Ресейге қайта алмай отырғанын айтқан.



Сәрсенбі күні елшілік алдына жиналғандар саны 50-ден асты. Олардың көбі – Ресей азаматтығын алған тәжікстандықтар. Көбі жаңа оқу жылы жақындап қалғанын, балаларын мектепке дайындау қажеттігін айтып, қайтуға асығады.

Тәжікстандағы Ресей елшілігінің хабарлауынша, шілде айына дейін 23 рейс қатынап, 3200-ден астам азаматын алып шыққан.

Тәжікстанның азаматтық авиация агенттігінің басшысы Икром Субхонзода 27 шілде күні Росавиация Душанбеге әуе қатынасын қалпына келтіруге дайын екенін хабарлады деп мәлімдеген.

«Біз де өз тарапымыздан барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, рейстердің тұрақты ұшуын қалпына келтіруге дайын екенімізді жеткіздік» деп атап өткен Субхонзода.

baq.kz

## Ұрлыққа жаңаша ТОСҚАУЫЛ

Солтүстік Қазақстан облысында велосипед ұрыларымен күресу мақсатында деректер базасы құрылып жатыр. Бүгінде оған 1136 велосипед туралы мәлімет енгізілген.



СҚО Полиция департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, ұрылар көп жағдайда қараусыз қалдырылған велосипедті қолды етеді. Мәселен, Петропавлдағы ЖШС-нің бірінің жұмысшысы Креспостная көшесінде жұмыс істеп жүріп, құны 60 мың теңге тұратын BMW велосипедін тротуарда қалдырып кеткен. Ал Копай көшесінде тұратын кәмелетке толмаған қыз бала 76 мың теңге тұратын Bhawk велосипедін үйінің жанындағы спорт алаңының маңайына қалдырып кеткен. Полицейлер күдіктіні тағы бір велосипед ұрлығын тергеу барысында анықтады. Бұл жолы қылмыскер Жамбыл көшесіндегі көпқабатты үйдің подъезіне кіріп, бірінші қабатта тұрған Bhawk велосипедінің тросын тістеуікпен кескен. Оның әрекеті бейнебақылау камерасына түсіп қалған. Бейнежазба жедел уәкілдерге күдіктіні анықтауға көмектесті. Ол бұрын осындай қылмыс жасағаны үшін жауапқа тартылған Петропавл қаласының 24 жастағы тұрғыны болып шықты. Бас бостандығын айыру орындарынан осы жылдың сәуір айында ғана босап шыққан екен. Аталған фактілер Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне «Ұрлық» бабы бойынша енгізілді. Екі велосипед алынды. Қазіргі уақытта күдікті тергеу изоляторында отыр, оның бұрын жасалған қылмыстарға қатысы тексеріліп жатыр.

– Велосипед ұрлығы күн жылынысымен өршиді. Бұл қылмыспен күрес тұрақты жүргізіледі. Қазіргі уақытта полицейлер велосипедтер бойынша деректер базасын құруда. Оған кез келген адам өзінің екі дөңгелекті көлігін тіркей алады. Велосипед ұрланған жағдайда оны базадағы сериялық нөмір мен ерекше белгілері арқылы танып алуға болады. Бүгінгі таңда бұл базаға 1136 велосипед туралы мәлімет енгізілді, – дейді Петропавл қалалық полиция басқармасының бастығы Жандос Мұқатов.

Жыл басынан Петропавлда 78 велосипед ұрлығы тіркеліп, оның 40-ы ашылған.

Inform.kz



# Із-түзсіз жоғалғандар табылуда

Із-түзсіз жоғалғандарды іздестіру – криминалдық полиция қызметкерлері жұмыстарының маңызды желісінің бірі. Полицейлердің айтуынша, жоғалғандардың басым бөлігін екі санаттағы адамдар құрайды: біріншісі – туыстарына жөнін айтпай, табыс табуға кететіндер, екіншісі – спирттік ішімдікке әуестігінен қаңғырып кететіндер.



әкімшілік хаттама толтырған. Тексеріс барысында туыстарының оны бірнеше күн бойы іздеп жатқаны анықталды.

– Жақындарыңызды өз жоспарларыңыз туралы хабардар етіп отырған жөн. Адамдар туыстарының мазасызданып ұйқы көрмейтінін ойламай, өз проблемаларын шешуге, не қыдырудың қызығына түсіп кетеді. Тәртіп сақшылары болса, туыстарына жоғалғандардың дін аман екенін хабарлау үшін ғана күні-түні іздестіру жұмыстарын жүргізіп, жедел ақпараттарды тексереді. Әр іздестіру ісіне қыруар адами ресурстар жұмсалады. Мысалы, аталған іздестіру шараларына полицейлермен бірге «Қамқор» клубы мен «Лидер» қоғамының волонтерлері де қатысқан. Мұндай жағдайда еріктілер де көмекке келіп, аудандарға шығады, әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жүргізеді, – дейді СҚО ПД бастығының орынбасары, полиция полковнигі Руслан Назаров.

2020 жылдың басынан СҚО-да із-түзсіз жоғалған 93 адам тіркелді, оның 17-сі – алкогольдік ішімдікке бейім тұлғалар. Қазіргі уақытта із-түзсіз жоғалғандардың 92-сі табылды. Сонымен қатар өткен жылдары жоғалған адамдарды іздеу де тоқтатылған емес, бүгінгі күні бұл санаттағылар 44-ке жетіп отыр.

**Мәдина БАЛҒАШОҚОВА, СҚО**

Мысалы, 34 жастағы Петропавлдық тұрғынды криминалдық полиция қызметкерлері облыс аудандарының бірінен тапты. Оның жұмысқа орналасқан жерінде байланыс болмағандықтан, анасына қоңырау соға алмағаны және қоңырауларға жауап беруге мүмкіндігі болмағаны белгілі болды. 27 жастағы Петропавл қаласының тұрғынының да басынан осыған ұқсас оқиға өткен, бірақ бұл жағдайда туыстарымен қарым-қатынасы ауыр болғандықтан, азамат телефон қоңырауларына жауап бермеген. Полицейлер оны іздеуге бір аптадан артық уақыт жұмсаған.

Әр бесінші жағдайда тәртіп сақшылары жоғалғандарды мас адамдардың ортасынан, таныстарының үйінен немесе жалдамалы пәтерлерден тауып жатады. Келесі бір жағдайда 35 жастағы облыс орталығының тұрғыны патрульдік полиция қызметкерлерінің көмегімен табылған. Олар қала көшелерінен «Volkswagen» автокөлігін тоқтатып, масаң күйде көлік басқарғаны үшін жүргізушісіне

# Акция аясындағы игі іс



ҚР ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің тапсырмасына сәйкес жақында Қызылорда облысы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері «Есірткіге жол жоқ!» акциясын ұйымдастырды.

**Гүлжахан ҚАЙЫРБЕРГЕНОВА, Қызылорда облысы**

Акция барысында адамдар көп жиналатын жерлерде, яғни базарларда, сауда үйлерінде, көшелерде, аялдамаларда және автовокзалдарда марихуананың сызылған бейнесінің логотипі



бар бетперделер таратылды. Халық денсаулығына алаңдаушылық білдірген қызылордалық есірткімен күресушілер карантин жағдайында вирустан сақтандырумен қатар, есірткіге қарсы да насихат жұмыстарын жүргізді.

Тәртіп сақшылары бетперделерді тарату кезінде есірткінің зияны туралы, сондай-ақ коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу үшін санитарлық нормаларды сақтау керектігін айтып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Айта кетерлігі, Қызылорда облысы Полиция департаментінің атсалысуымен осы жылдың жеті айында 377 есірткі қылмысы анықталды, оның ішінде 299 теріс қылық, 78 қылмыс (аса ірі көлемдегі есірткі заттарын сақтаудың сегіз фактісі, есірткіні өткізудің 14 фактісі, заңсыз өсірудің 56 фактісі). Заңсыз айналымнан 100 кг-ға жуық түрлі есірткі заттары тәркіленді.

# Карантиндегі өткізу режимі

COVID-19 пандемиясына байланысты карантин жағдайында қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі өткізу режимі – қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің басты ішкі тәртіп қағидаларының бірі. Көзделмеген заттарды мекеменің аумағына және аумағынан алып өтуге немесе шығаруға жол бермеу жөніндегі қатаң шараларды жүзеге асырудағы ендігі жауапкершілік бұрынғыдан да арта түсті.

Бұл ретте мекемеге баратын адамдарға тексеру жүргізетін қызметкер міндетті түрде қолғаптарды, бетперде мен қорғаныш көзілдіріктерін пайдалана отырып, тиісті қорғаныш костюмімен жарақтандырылады.

Жоғарыда аталған шараларды қолдана отырып, мекеменің кезекші бөлімі белгіленген талаптарды орындап, мекемеде ұсталатын сотталғандарды да, мекеме қызметкерлерін де коронавирус жұқтыру қаупінен қорғауды қамтамасыз етеді. Алайда мекемеге баратын



барлық адамдарда бұл шараларды қолдану оң нәтиже бере бермейді. Дегенмен олар антивирустық алдын-алу шараларын жүргізудің міндеттілігін түсінеді. Тексеру жүргізетін қызметкер немесе кезекші түсіндіру жұмыстарын күнделікті жүргізеді.

Кезекші бөлім қызметкерлерінің карантиндік нормаларды сақтаумен қамтамасыз етудегі рөлін ерекше атап өткім келеді. Сотталғандардың да, қызметкерлердің де

жағдайын, мекеме аумағындағы барлық адамдардың карантиндік шараларды сақтауын күнделікті бақылау арқылы инфекцияға қарсы сипатта індетпен күресе алатынымыз айқын. Шараларды қамтамасыз ету бойынша күнделікті мұқият жұмыс жүргізетін мекеменің медицина қызметкерлерінің тынымсыз еңбегі көз алдымызда.

**Р. МҰҚЫШЕВ, ЕС-164/9 мекемесі**



# Жасырын фактілерге жол Ж Қ



«Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық,

Аздырар адам баласын», - деп Абай атамыз айтқандай, елдегі күрделі кезеңге орай халықтың көп бөлігінің әлі де жұмыспен қамтылмауы, олардың материалдық қана емес, рухани дағдарысқа ұшырауына да тікелей себеп болуда. Ақмола полициялары жыл басынан бері отбасылық жанжалға қатысты 2 000-ға жуық қорғау ұйғарымдарына тексеріс жүргізіп, отбасының шырқын бұзып отырғандарға қатысты жұмыстар атқарған.

## Әсел ЖАҚСЫБАЙ, Нұр-Сұлтан

О баста кіршіксіз туған адам баласын аздырып, кісілік келбетінен айыратын қоғамымыздың басты дерті – санасыздық пен маскүнемдік. Араққа салынумен отбасының шырқын кетіріп, құқық бұзатын, тіпті қылмыс жасаудан да тайсалмайтын азаматтар қоғамда өкінішке қарай, аз емес.

Отбасындағы жанжалдар көбінесе әдеттегі тұрмыстық мәселелерден шығып, кейін келе ерлі-зайыптылардың және басқа да отбасы мүшелерінің өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайларға ұласып жататыны жасырын емес. Оның соңы тіпті, ауыр психологиялық және дене жарақаттары бар қауіп-қатер, ұрып-соғу, сондай-ақ ауыр қылмыстармен аяқталып жатады. Сондықтан қоғам үшін осындай «жасырын» фактілердің жолын кесу және алдын алу бүгінгі күні жергілікті жерлердегі учаскелік полиция инспекторларының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Бұл проблема өкінішке қарай, өзектілігін жоғалтпай келеді. Көптеген құқық бұзушылар жазасыз қалуда, ал кейбір зорлық-зомбылық фактілері айтылмаған күйінде тіркелмей де қалады. Ресми статистика жәбірленушілердің полицияға шағымдануына кедергі келтіретін көптеген факторлар салдарынан жағдай-

дың нақты сипатын көрсете алмай келеді.

Зорлық-зомбылық өз алдына тек жәбірленушілердің құқықтарын бұзып қана қоймай, өскелең ұрпақ үшін теріс үлгі болып келетінін ескерсек, бұл мәселеде тұтас бір елдің болашағы бұлыңғырлау көрінбей ме?

Ақмола облысы ПД баспасөз орталығының маманы Анар Қамалиеваның мәліметінше, биыл ақмолалық учаскелік инспекторлар 2 000-ға жуық қорғау ұйғарымдарына тексеріс жүргізген.

– Бұл алдын алу шарасы тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға тыйым салуды көздейді, сондай-ақ, жәбірленушінің еркіне қарамастан, оны іздеуге, қудалауға, баруға, ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және онымен өзге де тәсілдермен байланыс жасауға тыйым салады. Алайда, егер азамат осы қорғау ұйғарымын бұзса, онда ол әкімшілік жауапкершілікке тартылады, биыл мұндай фактілер жүзге жуықтаған, – дейді ол.

Бүгінгі таңда өңірде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған төрт Дағдарыс орталығы өз қызметін жүзеге асыруда. Олар: Көкшетау, Шу, Степногорск қалаларында және Целиноград ауданында қызмет көрсетіп келеді. Мұнда қажетті әлеуметтік, медициналық және психологиялық көмек пен кеңес беріліп, әйелдер жә-

не балалармен арнайы мамандар жұмыс істейді.

Жергілікті тәртіп сақшылары әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың көптеген фактілері бекітілмеген күйінде қалып отырғанын, ал іс жүзінде олар статистикаға қарағанда әлдеқайда көп екенін де айтып қалды. Өңірде тәулік бойы «Сенім телефоны» қағидаты бойынша 20 қызметтік телефон жұмыс істейді. Жыл басынан бері полицияға тұрмыстағы құқық бұзушылықтар туралы 248 қоңырау келіп түскен, олардың әрқайсысы бойынша тиісті тексеру жүргізілді, ал отбасының берекесін алғандар жауапкершілікке тартылды.

Профилактикалық іс-шаралар полиция қызметкерлеріне тұрмыстық қылмыс деңгейін төмендетуге ықпал ететін, оларды кейіннен бақылау мақсатында тұрмыстық негізде құқық бұзушылық жасауға бейім адамдарды анықтауға мүмкіндік береді.

Отбасындағы құқық бұзушыларды татуластыру және сол арқылы тұрмыстық қылмыстардың алдын алуда әкімшілік ықпал ету шарасы қорғаныс талабы болып табылады.

Полицейлер облыс тұрғындарынан тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы дер кезінде хабарлауды сұрайды.

Отбасындағы жанжалдың кесірінен жалғызбасты ана, жетім өсіп келе жатқан ба-

ла, ең қиыны, туа біткен сал ауруына шалдыққан шақалақтар дүние есігін ашуда. Тұрмыстық зорлық-зомбылық көріністеріне қатысты халық арасында ашық сауалнама жүргізіп, азаматтардың ой-пікірлерін де білген едік.

**Гүлжазира ШАЛАХАЕВА, Павлодар қаласының тұрғыны:**

– Мен үшін бұл өте ауыр тақырып. Өткен жылы ғана жалғыз қызым азаматтық некеде тұрған А. есімді азаматтан жәбір көруінің салдарынан өз-өзіне қол жұмсап, өмірден кете барды. Соңында сал ауруына шалдыққан ұлы қалды. Бала қазір өз қамқорлығымда. Өкініштісі, қызымның мінезі тым ауыр еді, араларында болған жайтты ешкімге тіс жарып айтпай, жасырғандығының соңы осылай болды. Нақты деректер болмағандықтан және екеуі заңды некеде тіркелмегендіктен, ол азаматқа да тиісті шаралар қолданылмай қала берді... «Ауруын жасырған өледі» деген сөз осындайда айтылатын сияқты. Мұндай қателіктерге ешкім бармаса екен деп тілеймін.

**Көркем АЙТУҒАН, Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны:**

– Мен – отбасылық кикілжіңнен әбден шаршап, соңында ажырасып тынған жалғызбасты әйелмін. Үш балам бар. Бәрі де сол бір некеден. Өкінішке қарай, 15 жыл бойына жұбайымнан қорлық қана көріп келдім. Ажырасып тындым ба дегенімде, ол әлі де қоқан-лоққы көрсетуін қояр емес. Ешбір заң талабынан қорықпайтындай кейіп танытады. Қолында арнайы «сары қағазы» барын көрсетіп, бұрынғысынша «әлімжеттік» жасағысы келеді. Жұмысыма барар, қайтар жолымды аңдумен жүреді. Бір рет дәл үйге жете бергенімде аулада ұстап алып, күш көрсетті. Абырой болғанда, әкеме шалған қоңырауым барып үлгергенде, дереу көмекке шыққанын байқаған балаларымның әкесі тұрған жерден бой тасалап үлгерді. Шынымды айтсам, әр күнім үреймен өтуде. Балаларыма мұндай жанжалды көрсетпеу үшін ажырастым. Қазір олардың сабағы да жақсы, тәртібі де қуантарлық. Балаларымның әкесі болғандықтан,

тиісті жазасын тарттырудан да бас тарта беремін, бірақ ол оны түсінбейді...

**Қынагүл ЖОМАРТ Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны:**

– Адам ешқашан өзгермейтін сияқты. Мен жұбайыммен бірнеше рет ажырасып, бірнеше рет қайта қосылып жүрдім. Арада ортақ балалар бар. Заң бойынша жазалай салу оңай шығар, ал жүректегі «жараны» қайтіп емдейсің?.. Әйелдер ана болғандықтан шығар, бәріне мейіріммен қарағанымызбен, отбасындағы жұбайың қамқорлықтың орнына қатыгездік танытып жатуы – үлкен трагедия. Өкінішке орай, осындай мәнсіз отбасылық тірлік кешіп келе жатқанымызға біраз жыл болды. Ажырасқанмен де, ол мәселенің оңтайлы шешілгенін айта алмаймын...

Бүгінгі отбасындағы зорлық-зомбылықтың дәл осындай фактілерінің алдын алуда тіптен, жаңа жолдарын іздестіру маңызды сияқты. Бәлкім, әлеуметтік-құқықтық шараларға басымдық беру керек шығар... Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселесінде ең маңыздысы құқық бұзушыны жазалау емес, отбасын қолдау және сақтау екендігі де айқын. Жаза-лаудан гөрі алдын алу шараларын қарастыруда құпиялылық, өмірлік қиын жағдайда жүрген әрбір адаммен жеке жұмыс жүргізу сияқты принциптер басшылыққа алынса игі. Қалай дегенмен де «Отан отбасынан басталатыны» басты назарда болса екен.

## ЖӘБІР КӨРГЕНДЕРГЕ КЕҢЕС

Отбасындағы адамдардың бірі екіншісінен жәбір көрген жағдайда дереу ішкі істер органына, нақтырақ айтқанда 102 телефонына қоңырау шалу арқылы учаскелік полиция инспекторына жазбаша арызбен жүгінуі тиіс.

Келтірілген жарақаттың ауырлығына және құқыққа қарсы істелген әрекеттің санатына қарай әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылықтар көзделген.

Егер жәбірленуші құқық бұзған адам қайта келіп, тиісуі мүмкін деп ойлаған жағдайда «Дағдарыс орталығына» барып, уақытша орналасуына болады.



# БАЛА АТА-АНАСЫМЕН БАҚЫТТЫ



**Жетімді бауырына басып, өз баласындай бар мейірімі мен қамқорлығына бөлеп, оған лайықты тәрбие беру – ізгілікті істердің қатарынан.**

**Бауыржан СЕГІЗБАЕВ,  
Нұр-Сұлтан**

Пайғамбарымыз жетім балаға қамқорлық етушінің дәрежесі туралы: «Мен жетімге қамқоршы болған кісімен жәннатта біргемін», – деп сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын көрсеткен екен. Бала асырап, оны мейіріммен бағып-қағуға еш кедергі жоқ. Керісінше, бұл сауапты істерден болмақ. Жетімі мен жесірін жылатпаған қазақ халқы «Жетім көрсең, жебей жүр» деп текке айтпаса керек. Ел басына небір қиын-қыстау күн туғанда ғана, яғни соғыс жылдарында ашылған бірен-саран Балалар үйі бүгінде әр аудан, әр қалада бар. Ел аман, жұрт тынышта. Өкінішті, әрине.

Ата-аналардың бауыр еті балаларынан оп-оңай бас тартып, тірі жетімдердің көбеюі күн санап артып келеді. Осындай жайсыз жағдайларды жіті қарап отырып, қазақ халқының бойына сіңген мейірім-шапағат, бауырмалдық-махаббат қасиеттері жоғалып бара жатыр ма деп те ойлайсың. Адам баласы дүниеге жетім болу үшін келмейді. «Сәбидің бәрі бақытты болуы үшін жаралған».

Алланың алқауымен сондай панасыз-қорғансыз қалған сәбилерді қанатының астына алып, қамқорлығына бөлеу екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Сақшылар арасында жетімдерді жебеп жүрген жандар жетерлік. Әсіресе, Жамбыл облысы осындай алтын жүректі азаматтарға

кенде емес. Мәселен, осыдан екі-үш жыл бұрын сегіз баланы асырап алған Ғалым Арыстанбаевты айтсақ болады. Қырықтың қырқасынан асқан Меркі аудандық ІІБ-нің жергілікті полиция қызметінің жол-патрульдік полициясының сержанты Ғалым Қазыбекұлы ұзақ жылдар бойы қоғамдық тәртіпті қадағалап келеді.

Арыстанбаевтардың отбасында үш ұл дүниеге келген. Ерлі-зайыптылардың бір қыз асырап алсақ деген арманы болған. Бір бала асырап алмақ болған Ғалым мен Әлия Меркі ауданындағы В.Савва атындағы Балалар үйінен алғашында төрт баланы, артынан тағы үш баланы алып келген. Олар бір отбасындағы балаларды бір-бірінен ажыртқылары келмеген екен. Тағы бір баланы олар Тараздағы «Үміт» Сәбилер үйінен асырап алады. Айта кетейік, Меркі ауданындағы Балалар үйі қазір жұмыс істемейді. Өйткені онда тәрбиеленетін балалар жоқ. Тағдырдың жазуымен 11 балаға шуақ сыйлап отырған Ғалым:

– Шаңырақтың бақыты – балалардың амандығында, тату-тәттілігінде, отбасының тыныштығында. Баланың тәрбиесі отбасынан баста-

лады. Біз де балаларымызға тәрбие беріп, оқуларын бақылап, әрдайым бас-көз болып жүреміз. Бәрі спортпен шұғылданады. Бірі мұғалім, енді бірі боксшы боламын дейді. Тағы бір ұлым менің жолымды қуып, полицей болғысы келеді. Ең бастысы, балаларымыз аман-есен болып, елі үшін адал қызмет істесе деп тілеймін, – дейді.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген сөз бар. Неге ел ішіндегі осындай оғандарды насихаттамасқа?! «Адамдардан мейірім азайып барады» дейміз. Қазақ халқы жер ауып жеткен талай жандарға пана болып, құшақ жайып қарсы алған жоқ па? Оларға үйін паналатып, қашан аяқтарына тұрып, бөлек шаңырақ болуға шамалары жеткенше демеп, қолдау көрсетті емес пе?! Неге осындай игі дәстүр бүгінде бойымыздан жоғалып бара-

ды? Неге тастанды сәбилер көбейіп кетті? Неге ажырасу көп? Неге жетімектердің көз жасынан қорықпаймыз? «Рухани жаңғыру» деп даурыққанда бәріміз күштіміз, неге осындай қасиеттерімізді жаңғыртуға күш салмаймыз? Бұл – нағыз адамдық эстафетасы. Осы эстафета жалауын әрбіріміз желбіретуге тиіспіз.

Ғалым сияқты азаматтар көп емес, соның істеген ісін неге жарқыратып көрсетпеске?

Адамдықтың асқақ әнін әуелетіп әкеткен Тараз топтырағында да бүгінгі таңда тоғыз баланың анасы – көңілі даладай мейірімді батыр полицей мейірімді батыр полицей тұрады. 35 жастағы жалғызбасты ананың басты ерлігі де сол, ел тыныштығын күзете жүріп, тоғыз бірдей баланы тәрбиелеуде. Жауапты қызметпен қатар, аналық парызын мойнымен көтеріп жүрген жан қазір елге үлгі-өнеге.

Ердің ері ғана жүрегі дауалап баратын тәуекелге бес құрсақ көтерген Диляфруз Кенжеханова да барды. Ол екі жыл бұрын жетім қалған екі ұл мен екі қызды асырап алды. Осылай қызметте ғана емес, жеке өмірінде де табандылық танытқан жалғыздікті ана қазір тоғыз баланы бөліп-жармай, бағып-қағып отыр. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген сөздің ұлылығына тағы бір мәрте көз жеткізгендей болдық. Диляфруздың айтуынша, өзі де көпбалалы отбасынан шыққан.

– Мен – отбасында оыншы баламын. Полиция болуды және көпбалалы атануды бала кезімнен армандадым. Бүгінде осы екі

арманым да орындалды. Қараусыз қалған төрт баланы асырап алған себебім, Балалар үйіне беріп жатқанда оларды аяп кеттім. Және аналық мейірімім де оянды. Отбасымызға келген бойдан олар бізге бірден үйреніп кетті. Бүгінде үлкен балам 18 жаста, үйдегі көмекшім осы, – дейді Жамбыл облыстық ювеналды полицияның аға инспекторы Диляфруз Кенжеханова.

Нәзік жанды полицейдің міндеті – қаладағы жасөспірімдер тәртібін қадағалау. Қызметі қатал тәртіп пен жауапкершілікті, ал шаңырағы шексіз мейірімді талап етеді. Десе де, аға инспектор бұл екеуін ұштастыру қиынға соқпайтынын айтады. Керісінше, балалары анасының ел тыныштығын қорғап жүргенін мақтан тұтады. Тіпті ұлы Сарварбек өскенде анасының жолын қууға бекініп отыр.

– Анам бізге өте жақсы қарайды. Қолы босай қалса, уақытты қызықты өткізуге тырысамыз. Демалыста ауылға, ата-апаның үйіне барамыз. Анамның жұмысы да ұнайды. Сондықтан өскенде мен де полиция қызметкері боламын, – дейді тәртіп сақшысының ұлы.

Жас болса да, үлкен жауапкершілікті мойнына алған нәзік жанның ендігі арманы – тоғыз баланы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай жетілдіріп, өмірден өз орындарын табуына көмектесу.

Осы жолда аянбай еңбек ететінін айтқан табанды полицейдің бұл мақсатына да жететініне біз бек сендік.

**Суреттер кейіпкерлердің мұрағатынан алынды**





# Сенімнен шығу сертпен тең

**Биыл – Қазақстан полициясының құрылғанына 28 жыл. ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының Тактикалық арнайы даярлық кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Александр Сметановскийдің де ішкі істер органында қызмет істеп келе жатқанына биыл 28 жыл. Осы орайда тәжірибеге бай маманды аз-кем әңгімеге тартқан едік.**

**– Александр Юрьевич, бүгінде полицияға қандай талап қойылып отыр?**

– Полицияға қойылатын негізгі талап, Мемлекет басшысы айтқандай, тиімді жұмыс. Ал оның тиімділігін бағалау халық сенімінен құралады. Әрине, халық кейбір әріптестеріміздің дөрекілігі мен біліксіздігіне байланысты жиі шағым айтып жатады. Рас, кейбір жағдайларда полиция қызметкерлерінің өздері де заң бұзады, әсіресе, жол ережелерін сақтай бермейді. Өкініштісі, оны естіп те, көріп те жүрміз. Десе де, бес саусақ бірдей емес.

ҚР Ішкі істер министрлігі жүргізіп жатқан реформалар аясында тәжірибелі әрі адал кәсіби мамандар даярлаудың кешенді шаралары қарастырылып жатқаны анық. Өздеріңіз білетіндей, қоғам тыныштығын күні-түні кірпік қақпастан күзететін полицейлердің арасында да өз ісіне берілген, жауапкершілігі жоғары білікті мамандар аз емес. Өз өміріне қауіп төнсе де, өзге адамдарға көмек қолын созатын қатардағы полицейлерге және олардың отбасыларына мемлекет тарапынан лайықты қолдау көрсетіліп жатыр. Қызмет барысында қаза болатын бейбіт күннің батырлары қаншама. Біз өз кезегімізде елінің нағыз патриоты, білімді де білікті осындай жас мамандарды көптеп дайындауымыз қажет.

Осы орайда полиция полковнигі, заң ғылымдарының докторы, доцент Нұрлан Биекенов басқаратын ІІМ Қостанай Академиясы да кәсіби де білікті жас маман даярлауға үлкен үлес қосып келеді.

**– Биыл Академиядан қанша түлек қанаттанды?**

– Біздің Академия қабырғасынан түлеп ұшқан мамандар өз саласы бойынша еліміздің әртүрлірінде аянбай еңбек етіп жүр. Оқу ордамыздан түлеп ұшқан әр шәкіртімізді қашанда мақтан тұтамыз. Таяуда академиямыздың күндізгі оқу бөлімінің биылғы түлектерінің қорытынды мемлекеттік аттестациясы аяқтал-

ды. Мемлекеттік емтихандар облыстардың аумақтық Полиция департаменттері мен Тәжікстан Республикасы ІІМ Академиясының базасында қашықтан өтті. Академиялық бакалавр дәрежесі 247 түлекке берілді.

**– Ал енді өзіңіз басқарып отырған кафедра жұмысымен қысқаша таныстыра өтсеңіз?**

– Біздің кафедра зерттеу тақырыбына бағытталған семинарларға, жиналыстар мен конференцияларға, халықаралық жиындарға қатысып тұрады. Педагогикалық әдістер мен білім беру құралдарын анықтаймыз. Кафедра қызметкерлерінің педагогикалық жүктемелерінің бөлінуін, ғылыми-зерттеу жұмысының жүргізілуін ұйымдастырамыз және аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын талқылаймыз. Оқулық, оқу және оқу-әдістемелік құралдардың қорытындыларын құрастырып, оқытушылардың біліктілігін арттыруды жоспарлап, оларға бағыт-бағдар береміз. Ғылыми-әдістемелік көмек көрсету үшін оқу мекемелерімен және басқа да ұйымдармен байланыс орнатып отырамыз. Сондай-ақ 1-3-курс курсанттарының арасында жауынгерлік қарудан АК-47 шашу/жинау бойынша сайыс ұйымдастырдық.

**– Ішкі істер органына қызметке келмес бұрын Қарағандыдағы педагогикалық институттың әскери-спорттық факультетін бітіріп, кейін осы қаладағы Жоғары милиция мектебінде оқыдыңыз ғой?**

– Иә. Содан соң еңбек жолымыз еліміз Тәуелсіздік алған жылдары басталды. 1992 жылы Қостанай облысы Арқалық қалалық Ішкі істер бөлімінде жедел уәкіл, кейін аға жедел уәкіл болып қызмет істедім. ІІБ Қылмысты іздестіру бөлімшесі бастығының орынбасары, кейін осы бөлімшенің бастығы болып



тағайындалдым. Бала кезімде әкем Юрий Сметановский секілді офицер болып, қос иығыма погон тақсам деп армандап едім... Міне, өзіңіз айтпақшы, бүгінде осы саланың ыстық-суығын бірдей көтеріп келе жатқанымызға бірталай уақыт өтіпті. Бар білген-түйген тәжірибемізді мүмкіндігінше жас мамандарға үйретіп келе жатырмыз.

*Өз қызметіне тиянақты әрі зор жауапкершілікпен атқаратын жігерлі жігіт ағасы кейін шәкірт тәрбиелеуге қарай ойысады. Қостанай Заң институты Жедел іздестіру қызметі кафедрасында оқытушы болып он жылдан артық қызмет істейді. Кейін Әділет министрлігі ҚАЖК Қостанай Академиясының Әскери және дағдарысқа қарсы дайындық кафедрасының бастығы, Жедел іздестіру және режим қызметі кафедрасының профессоры болып қызмет атқарады.*

Бұл салада жүріп абырой мен беделден кенде болған жоқ. Құқық қоғау органдарында атқарған көп жылғы қызметі еленіп, Ішкі істер министрлігінің «Үздік қызметі үшін» белгісі, Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің ІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалін иеленген. Ішкі істер министрлігінің І, ІІ, ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдарын омырауына қадап, Құрмет грамотасымен және басқа да сыйлықтармен марапатталған. Десек те, Александр Юрьевичке биыл Мемлекет басшысының Жарлығымен Президент атынан алған Құрмет грамотасы ерекше ыстық. Онда «Әскери және қызметтік борышыңызды атқару

үстінде көрсеткен ерлігіңіз бен жанқиярлығыңыз, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге, заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға қосқан үлесіңіз үшін Қазақстан

Республикасының Құрмет грамотасымен наградталдыңыз» делінген. Ол осы марапатқа ұсынған Академия басшылығына, әріптестеріне алғыс айтады.

**– «Әкем сияқты офицер болуды армандадым» деп айтып қалдыңыз ғой. Балаларыңыздың ішінде ізіңізді жалғасам дейтіні бар ма?**

– Қызым Әсел осы Академияның түлегі, бүгінде ол да менің жолымды жалғастырып, Қостанай қалалық Ішкі істер басқармасында жауапты қызмет атқарады. Ал екінші қызым Сәбина Екатеринбургте орналасқан Ресейдің тұңғыш Президенті Б.Елцин атындағы Федералды университетінің Халықаралық қатынастар мамандығы бойынша 3-курста оқиды.

**– Мемлекеттік тілді жетік меңгергеніңізден хабардармыз. Түрлі тіл сайыстарында да топ жарып, жүлделі болған екенсіз...**

– Болашақ офицерлерді Отанын, елін сүйуге баулып, оларға мемлекеттік тілді үйретуге үлес қосуды парызым санаймын. Рас, Павлодар қаласында өткен өзге ұлт арасындағы аймақтық «Қазақ тіліне жеке үлесім» деп аталатын байқауға қатысып, жүлделі І орынды жеңіп алғанмын. Сондай-ақ елордада өткен дәл осындай байқаудан бас жүлдені иелендім. Қаймағы бұзылмаған Торғай өңірінде туып-өскендіктен қазақ тілін бала күнімнен үйреніп алдым. Мектеп бағдарламаларын былай қойғанда, өз бетімше де жалықпай іздендім. Түрлі газет-журналдардың әрбір санын жібермей оқитынмын. Қазір де солай, күнделікті басылымдарды бір-бір шолып, кейбір сайттардан ақпараттарды оқып отырамын. Алайда, кейбір ақпарат құралдарының тақырыптарының өзінен-ақ өрескел қате көзге бірден ұрады. Редакторлары қайда қа-

рап отырады екен деп ойлап қоясың...

**– Әлемді дүрліктірген COVID-19 пандемиясына орай еліміз қашықтан білім беруге көшкені белгілі. Академияда бұл қалай жүзеге асты?**

Карантин мен оқшаулау режимінің енгізілуіне байланысты Академияда online режимінде қашықтан білім беру технологияларын енгізу бойынша жемісті жұмыс жүргізілді. Бүгінде Қостанай Академиясында онлайн оқыту бағдарламаларының сапасын жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Қашықтан білім беру технологияларын енгізу сәтінен бастап академия жекелеген білім беру бағдарламаларын қолданудың бастапқы кезеңдерінен өтті. Қазіргі уақытта сынақ, емтихан қабылдау және кәсіби дайындық факультетінің курсанттарын шығару мәселелері бойынша жүйе апробацияланды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің арқасында кәсіби дайындық факультетінің 2-3-курс курсанттары жазғы аралық сессияны тапсыруға кірісті. Сондай-ақ 4-курс курсанттары да мемлекеттік емтихан тапсырады. Тиісті облыстардағы Полиция департаменттерінің базасында түлектер мамандығы бойынша Мемлекеттік кешенді емтихан (компьютерлік тестілеу) және қашықтан оқыту жүйесі мен ZOOM платформасы арқылы бейіні бойынша емтиханға қатысуда.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша ғылыми және педагогикалық магистратураның 2018 жылы қабылданған магистранттары биыл Қостанай Академиясын тәмамдады.

19 магистрант қорытынды аттестация тапсырып, магистрлік диссертацияларын «өте жақсы», «жақсы» деген бағаларға қорғады және заң ғылымдарының магистрі дәрежесіне ие болып, мемлекеттік үлгідегі дипломдарын алды. Шырақбек Қабылбаев атындағы Академия бастығы, полиция полковнигі Нұрлан Амангелдіұлы магистранттарды осы қуаныштарымен құттықтап, жаңа өмірлеріне ақ жол, сәт-сапар тіледі.

**Сұхбаттасқан  
Бауыржан СЕГІЗБАЕВ**



# Ардан аттамаған қазақ едік...



*Ұят туралы сөз қозғап, қалам тартуымыз себеп болып отырған жайт – біздің қоғамның ұятсыздығы, жауапсыздығы, бетпақтығы. Күнтізбе парағында 2020 жыл басталғалы бері көзіміз небір сұмдықты көріп, құлағымыз естімегенді естіп, дал болдық. Тіпті кей мазаққа, арсыздыққа етіміз үйреніп те қалғандай. Әсіресе, пандемия кесірінен көп нәрсенің беті ашылып, әр түрлі мемлекеттік салалардың «ұяты» тарыдай шашылды. Бірақ әңгіме ол туралы емес. Еліміздің түрлі аймақтарында карантиндік, шектеу шаралары енгізілгенін қазақ халқы жақсы біледі. Алайда жаз келіп, күн ысығалы шектеуді құлаққа іліп жатқан ешкім жоқ...*

**Нұржайнат ХАМЗАЕВА,  
Нұр-Сұлтан**

Абай өзінің отыз алтыншы қара сөзінде ұят туралы былай дейді: «Шын ұят сондай нәрсе, шарифатқа теріс, я ақылға теріс, я абиұрлы бойға теріс бір іс себепті болады. Мұндай ұят екі түрлі болады. Біреуі – ондай қылық өзіңнен шықпай-ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің. Мұның себебі, сол ұят істі қылған адамды есіркегендіктен болады. «Япырым-ай, мына байғұсқа не болады, енді мұның өзі не болады?» дегендей, бір нәрсе іштен рахым секілді болып келіп, өзіңді қысып, қызартып кетеді. Біреуі сондай ұят, шарифатқа теріс, я ақылға, я абиұрлы бойға теріс, я адамшылыққа кесел қылық, қатеден, яки нәпсіге еріп, ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандығынан болады. Мұндай ұят қылық қылғандығыңды бөтен кісі білмесе де, өз ақылың, өз нысабың өзіңді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіңе жаза тарттырады. Кірірге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай, бір түрлі қысымға түсесің...

«Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойнына салып, сөгіс қылған қысымның атауы». Ал бүгінгінің адамында Абай өткен ғасырда айттып кеткен ұяттың қайсысы қалды?! Көріп тұрған да, жасап тұрған да ұялмайтын бір заманға жеттік. Қазіргінің адамы қолындағы телефонымен көрген-естігенін түсіріп, ұятты қылықты ойланбастан көпшілікке жария етеді. Кім білсін, оныкі жағдай түзелсін деген ниет пе, әлде біреуді мазақ ету ме, тіпті болмаса қоғамда сондай мәселенің барын тиісті орган-

дарға жеткізу ме? Бұл сұрақтың жауабын сол адамның санасы мен ұяты ғана білмек. Алайда оның резонанс тудырып, арты дауға ұласарын ол адам сол сәтте ойламаса керек.

Бірі қалың қара жинап жасырын той жасаса, бірі жануарлардың жанын азаптап (иттің басын тоңазытқыш есігімен қысу, қинау, ату,



Каспийдегі тюлендерді таспен ату, т.с.с.), енді бірі табиғатты аяусыз қорлауда. Неге ластаумен қатар, қорлауда? Бұлай айтуымыз соңғы жағдайлар себеп. Айналасы дауға айналған Ереймен еліндегі Көбейтүз мәселесі ушықпаса, шешілген жоқ. Тосқауыл-бекеттердің қойылып, күзетіліп жатқанына қарамастан, бір жұп барлық тексеріс пен бекеттерді айналып өтіп, көлдің ортасына жетіп, күректен қазып, батпағын шелектеп жинап алған. Бұл көрініске экология министрлігінің өкілдері, журналистер және



аудан әкімшілігінің қызметкерлері куә болған. Өкілетті адамдардың ескертулеріне дәрекілікпен жауап беріп, мәдениетсіздік танытқан жұрттың суреттерін де, аты-жөнін де, машина маркасын да ресми ақпарат берушілер жариялаған жоқ. Бір жағынан сондай адамдарды бір-

ден әлеуметтік желілерге шығарып, бет-бейнесін көпшілікке көрсеткен дұрыс па деп ойлаймыз. Өйткені қазіргі адамдар «Жақындарым естісе ұят болады, Алладан қорқайын» демейді, олар тек «Әлеуметтік желілерде жарқырап жүрмейін» деп қана қам жейді. Ал оларға салынатын айыппұлдың көлемі – 10АЕК қана.

Жақ ұстатқан оқиғалар таусылар емес. Тағы да ұят мәселесі. Естеріңізде болса, Бурабай және Ақмола облысындағы басқа да демалыс орындарында карантин жария-

ланып, жабылған еді. Өткен аптада олардың жұмысын жаңарту туралы шешім қабылданды. Адамдар сақтық шараларын ысырып қойып, демалыс орындарына тағы ағылды. Мейлі, мәдениетті демалса ғой. Ана адамдарға қарап «Бұлар өзі мәдениеттің не екенін, табиғатты аялаудың не екенін біле ме екен?» – деп қаласың. Күні кеше телеарналар мен әлеуметтік желілерді Бурабайдағы тастың үстінде жыныстық қатынасқа түскен екі жастың бейнежазбасы шулатты. Осыған ұқсас жағдай Қапшағайдағы демалыс орнында да болған. Ондағы кейіпкерлер судың ішінде жақындасқан көрінеді. Нағыз

«Істеп тұрған ол емес, көріп тұрған мен ұялдымның» көкесі! Енді дамуға адымдап келе жатқанда хайуанға айналып бара жатқанымыз жүрекке салмақ салып, ойға маза берер емес. Карантин біздің қоғамға өте қатты әсер етті. Бір жағынан, құндылықтарды түсіндік, денсаулықтың қадіріне жеттік десек, екінші жағын айтуға ауыз бармайды. Ажырасу мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың

көбеюі, табиғатқа залал келтіру, қоғамдық тәртіпті бұзу – бәрі де өз шегіне жеткендей. Тәрбиенің болмауы, әлеуметтік жауапкершіліктің жоқтығы, көргенсіздік – басты себептер деп түйдік. Себебі отбасында тәрбие көрген ұл мен қыз ондай қылыққа бармас еді. Ұлт болашағын, ел келешегін ойлаған саналы ұрпақтан болса, ұяттан аттап көргенсіздікке көз жұмбас еді. Жоғарыда айтып өткен «ғашықтардың» тек 50 мың теңгеге жуық айыппұл төлеп құтылатыны қынжылтады. Адам назары мен табиғатты қорлаудың өтеуі әлдеқайда қымбат болуы тиіс деп ойлаймыз.

Өкініштісі сол, далада бетпердесіз жүргендерге 30 АЕК көлемінде айыппұл салынса, бетсіздердің қылмыстары 10-ақ АЕК-пен жазалануда. Ақылға сыймайды. Мәселе ақшада емес, ол жағын тиісті органдар өздері реттер. Біздің текті елдің ұрпағы екеніміз қайда? Табиғатпен үндес екенімізді қалайша ұмыттық? Адамгершілік пен ар-ұятты жаннан жоғары санаған бабаларымыздың өсиеті неге елеусіз қалды? Мұның бәріне кім кінәлі деген сан сұрақтың жауабы қашан табылар екен...

Абайдың әр қара сөзі бүгінгі кез келген ахуалдың тамырын ұстап, дөп басып айтылғандай. Кейде ұлы тұлғалардың осы заманда өмір сүрмегеніне, сорақылықты, ұсақтығымызды көрмегеніне іштей қуанасың...

**Суреттер ашық дереккөздерден алынды**



# «Таза Қазақстан» – Оралда



Орал станциясының көлік полицейлері «Таза Қазақстан» жедел профилактикалық шарасы аясында 700-ден аса құқық бұзушылықты анықтады. ҚР Ішкі істер министрінің нұсқауын орындау мақсатында Орал станциясындағы ЖПБ қызмет көрсету нысаны бойынша осы жылдың 23 шілдесінен 30 тамыз аралығында республикалық жедел профилактикалық тазалық іс-шарасы өткізілуде.

**Гүламан ИСМАҒҰЛОВА, Орал**

Шараның мақсаты – экологиялық құқық бұзушылықтарды анықтау мен болдырмау және қаладағы экологиялық жағдайды жақсарту болып табылады. Экологиялық құқық бұзушылықтарды анықтау мен болдырмау және экологиялық жағдайды жақсарту, жергілікті тұрғындардың табиғаттың қорғалуына үлестерін тигізу мақсатында Орал станциясындағы ЖПБ «ҚР экология, геология және табиғи ресурстар экологиялық министрлігі Комитетінің БҚО бойынша экология департаменті» РММ және ҚР ДМ Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің БҚО бойынша департаментімен бірлесе жұмыс істеу жоспарын дайындап, бекітті.

Осылайша, Орал станциясын

дағы ЖПБ Әкімшілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері тазалыққа ден қойды. Желаетов станциясы маңайындағы су жағалауында адамдар көп шоғырланған жерде, сондай-ақ абаттандыруды бұзу фактілерінің жолын кесу, белгіленбеген жерде балық аулау, жалпы суды пайдалану ережелерін бұзу, алкогольдік ішімдікті ішу, жалпы пайдала-



нылатын орындарды ластау секілді фактілерін анықтау, болдырмау және жолын кесу бойынша бекітілген графикке сәйкес бірлескен профилактикалық рейдтік іс-шаралар өткізілді.

Жергілікті тұрғындарға әкімшілік заңнама нормалары түсіндіріліп, карантиндік шараларды сақтау бойынша жалпы ережелері таныстырылды.

Бүгінгі таңда Орал станциясындағы ЖПБ қызмет көрсету нысаны бойынша барлығы 723 бұзушылық анықталды, оның ішінде ҚР ӘҚБК 434 бабы (ұсақ бұзақылық) бойынша - 9; ҚР ӘҚБК 440 (алкоголь бабы (ортақ пайдаланатын орынды ластау) бойынша - 13 (алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу); ҚР ӘҚБК 434-2 бабы бойынша - 5 (ортақ пайдаланылатын орындарды ластау); ҚР ӘҚБК 441 бабы (темекі бұйымдарын тұтынуға тыйым салуды бұзу) бойынша - 9; ҚР ӘҚБК 560 бабы (теміржол көлігі құралдарын пайдалану қағидаларын бұзу) бойынша - 48 құқық бұзушылық тіркелген.



Атырауда бейнекамералар көмегімен 96 қылмыс ашылды. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуда қалалық Полиция басқармасы Жедел басқару орталығы бейнекамераларының рөлі айтарлықтай.

**Гүлнәзира МҰХТАРОВА, Атырау облысы**

Тәртіп сақшыларының мұндай сенімді көмекшілері – бейнекамералар облыс орталығындағы көшелер мен адамдар көп жиналатын жерлерге, демалыс алаңдарында, көше қиылыстарында және көпқабатты үйлердің аулаларында орналастырылған. Бүгінде қаладағы 700-ден астам бейнекамераларды Полиция басқармасы Жедел басқару орталығының қызметкерлері тәулік бойы қадағалап отырады.

– Атырауда жыл басынан бері бейнекамераның көмегімен 7998 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Олардың арасында көшеде, қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе масаң күйде жүру, шылым қалдығын, қоқыстар қалдыру, жасыл желектерді бүлдіру, сонымен қатар карантин режиміне қатысты шектеулерді орындамау, т.б. бұзушылықтар жиі тіркеледі, – деді Атырау облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Қамза Үмбетқалиев.

2019 жылдың жеті айында Жедел басқару орталығы-

ның бейнебақылау кезекші инспекторларының арқасында 47 қылмыс әшкереленген, ал биыл 96 қылмыс бейнекамералардың көмектерімен ізі суымай ашылған.

Қалалық полицияға арызданған 1946 жылы туған азаматша тал түсте белгісіз адамның Әуезов көшесіндегі үйлердің бірінің алдында мойнындағы алқасын тартып алып кеткені туралы хабарлаған. Жедел іздестіру шаралары барысында сол маңайда орналасқан бейнекамералардың көмегімен күдікті азамат арызданушының айтқан белгілері бойынша анықталып, ұсталды және одан айғақ зат тәркіленді. ҚР Қылмыстық Кодексінің «Тонау» бабымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.

Сонымен қатар «сергектің» сергектігінен жол қозғалысы ережелерін бұзғандар да тыс қалмайды. Жыл басынан бері осындай 6415 факті анықталып, құқық бұзушылар әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Жалпы, талдау көрсеткендей, қаладағы бейнекамералар орналасқан аумақтарда құқық бұзушылықтар аз тіркелуде.

# Колонияда тігін цехы ашылды

Сотталғандарды жұмыспен қамту – қашан да күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселе. Түзеу мекемелерінің аумағында шағын өндіріс орындарын ашу осы мәселенің түйінін шешуге айтарлықтай ықпал етуде.

**Гүлнәр МАҒЗҰМОВА, Алматы қаласы**

Алматы қаласындағы «Ақ ниет Үміт» мүгедектердің қоғамдық қоры жуырда ЛА-155/6 түзеу мекемесінің ұжымымен бірлесіп, балалар колониясында шағын тігін цехын ашты. Осы орайда бес жасөспіріммен Қазақстан Республикасы

Еңбек Кодексінің 69-бабына сәйкес еңбек шарты жасалды. Аталған заң талаптарына сәйкес енді 16 жастан 18 жасқа дейінгі балалар аптасына 36 сағаттан аспайтын уақыт жұмыс істейтін болады. Тігін цехында киім үтіктейтін орын, бу генераторы және алты тігін машинасы бар.

– Жазалы жасөспірімдер аталған цехта зор ризашылықпен жұмыс істеуде. Олар бір жағынан, қазір сұранысқа ие тігінші мамандығын игерсе, екінші жағынан табыс тауып, сот белгілеген шығындарын өтеуге және аз да болса ата-аналары мен бауырларына қаржылай көмек беруге мүмкіндік туғанына қуанышты. Сонымен қатар, олар еңбек ете жүріп, шеберліктерін шыңдайды. Еркіндікке шыққан соң кәсібі бойынша жұмысқа орналаса



алады, – дейді ЛА-155/6 түзеу мекемесінің сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру тобының

аға инспекторы, әділет капитаны Әділ Әділханов.

**Суретті түсірген автор**

**ШЫҒАРУШЫ және МЕНШІК ИЕСІ:** «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС  
Бас директор **Әлімжан ЖАРЫЛҚАҒАНОВ**  
Бас директордың орынбасары **Бану ӘДІЛЖАНОВА**

**РЕДАКЦИЯ:**  
Бас редактор **Тоқнияз КҮЧУКОВ**  
Шеф-редактордың м.а.: **Әсел МҰХАТОВА**  
Тілшілер: **Бауыржан СЕГІЗБАЕВ**  
**Гүлнәр МАҒЗҰМОВА**

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы **№16944 – Г** куәлігі берілді  
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
• Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды  
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес  
• Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді  
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді  
• Редакцияның келісімісіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды.  
Басылым «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.  
Индексі: **65395**  
Таралымы: **10441**  
Тапсырыс: **№ 1006**

«Алматы – Болашақ» АҚ  
Алматы қаласы, Алматы ауданы, С.Мұқанов к-сі, 223Б  
тел: 8777-163-12-39  
Газет айына 8 рет шығады.

**БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:**  
ИИК – KZ74856000000147459  
БИК – KZJKBZKX  
БИН – 051040005963 КБЕ-16  
«БанкЦентрКредит» АҚФ  
РНН 600900114533

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі, 29А.  
Телефон: 8 (7172) 49-02-14,  
ішкі нөмір 110  
www.mediaovd.kz  
Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz